

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 ақпандағы N 151 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 12 шілде N 944. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.24. N 1232 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 ақпандағы N 151 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 5-6, 63-құжат) мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті туралы ережеде :

3-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Комитет заңнамада белгіленген тәртіппен ашылған шоттар арқылы есеп айырысуды жүзеге асырады.";

1 8 - т а р м а қ :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аумақтық органдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен б о с а т а д ы ; " ;

5) тармақша "құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді" деген сөздерден кейін "және аумақтық органдар туралы үлгілік ережелерді" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*